

ББК 84 Қаз 7-5

Қ 41

Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасы және
филармония ұжымы.

“Мәдени мұра” бағдарламасы.

Қ 41 ҚАРАСАЙ, ҚАЗИ: *Ноғайлық жыр/ Құраст., нотаға
түсірген А.Жаңбырыш: – Алматы: “Нұрлы Әлем”
2008. – 584 бет.*

ISBN 978-601-205-062-2

“Мәдени мұра” бағдарламасы аясында дайындалған бұл кітапқа
Маңғыстау жыршылары жырлаған Қарасай, Қазі жыры Қобылаш
жырау мақамымен беріліп отыр.

Музыка мектептеріне, өнер колледжі және жоғары оқу орындары
студенттеріне арналған.

ББК 84 Қаз 7-5

и- 57456

Қ 4702250202
00 (05) - 08



ISBN 978-601-205-062-2 © Қарасай, Қазі, 2008.

ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР

Ат үстінде көшпенді ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз сөз өнеріне, оның ішінде ғауһар тастай асыл өлең-сөзге ерекше мән берген. Сондықтан да ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі жетіп, жатталып келген халықтық туындылар бүгінде біздің рухани қазынамызға айналып отыр. Ал, олардың бүгінгі күнге тіпті жоғалмай, байырғы тұнық қалпында жетуінде жыраулар мен жыршылардың үлесі үлкен.

Біздің өлкемізде атағы бүтін қазаққа өз заманында-ақ белгілі Абыл, Нұрым, Қалнияз, Аралбай, Қашаған, Есет, Шернияз, Махамбет, Сүгір, Қашқынбай, Мұрат, Ығылман, Айтуған, Өгізбай, тағы басқа да атышулы ақын, жыраулар өмір сүрген. Олардың артына қалдырған мұралары халық қазынасының сүбелі алтын қорына құйылды. Жыраулар әрқилы кезеңдердің өзінде де ел аралап, жыр айтып, өз өнерімен халықтың алғыс, ризашылығына бөленіп жүрген жандар. Жыршылар мен жыраулар әр уақытта да ізденіс, өзіне үлкен талап қоюшылық дәстүрден айнымаған. Сонымен қатар жаттампаз болған. Сол дарынды дамыту, әрі қарай шыңдау үшін ең алдымен шаршамай-талмай еңбек еткен. Біз білетін жоғарыдағы аты аталған ақын-жыраулардың бәрі табиғат берген дарынмен бірге түрлі ізденіс, сын, ширығу жолынан өткен. Бұл пікірді өзіміз дұрысырақ білетін Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Айтуған, т.б. ақын-жыраулар өмірлері растай түседі. Олар бірінен-бірі үйреніп, өлең қуып, ел аралап, білетіндердің қасына айлап, жылдап еріп, солардан асыл сөз маржандарын үйренген. Бұл дәстүр қазақ ақын-жырауларының бәрінде де бар. Жыраулар